



Айтеке би көшесі №5 үй, телефон-факс: 871347 35-4-08, E-mail: aktasty.a@mail.ru

**Бұйрық №17 н/к**

31.01.2023 жыл

**«Қорытынды аттестаттау  
өткізу үшін комиссия құру» туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту» туралы 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы №265 бұйрығы негізінде

**Бұйырамын:**

1. Негізгі орта, жалпы орта мектеп бітірушілердің үлгеріміне қорытынды аттестаттау өткізу үшін емтихан комиссиясы төмендегідей құрылсын:

6. С.Г.Аяпова-мектеп директоры емтихан комиссиясының төрайымы
7. А.А.Султанова-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
8. М.Ж.Ибрагимова-тарих пәнінің мұғалімі
9. Қ.М.Рсмағанбетов-9 сынып жетекшісі
10. Т.А.Сұлтан-11 сынып жетекшісі

2. Мектеп жанынан құралған комиссия келесі іс шараларды жүзеге асырсын:

- 1) Білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар үшін қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- 2) 11 (12) сынып білім алушыларының оқыту бейінін ескере отырып таңдаған пәндерінің тізбесін көрсете отырып қорытынды аттестаттау тапсыратын 11(12) сынып білім алушыларының тізімін қалыптастыру және ҰТО филиалына ағымдағы жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде жолдау.
- 3) Қорытынды аттестаттау өткізу жөніндегі, сондай-ақ қорытынды аттестаттауға білім алушыларды даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
- 4) Қорытынды аттестаттау өткізу уақытына кезекшілер құрамын қалыптастыру және кабинеттерді қажетті техникалық жабдықтармен (тыңдалым үшін магнитофон) қамтамасыз ету.
- 5) 9 (10) және 11(12) сынып білім алушыларының, оның ішінде жалпы орта білім туралы үздік және «Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын қарау және ауызша емтихан жауаптарын тыңдау, тестілеу нәтижелерін тексеру.
- 6) Жазбаша емтихан жұмыстарын, тестілеу аяқталғаннан кейін және ауызша емтихан тыңдалғаннан кейін Хаттаманың электронды нұсқасын Әйтеке би білім бөліміне жолдау.
- 7) Тестілеу нәтижелерін беру және пайдалану.
- 8) Тестілеу нәтижелерінің балдарын ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 6 маусым №265 бұйрығының 4-қосымшасына сәйкес Тестілеу балдарын жалпы орта білім туралы аттестаттың бағаларына ауыстыру шәкіліне сәйкес бағаларға ауыстыру.
- 9) Апелляцияға түскен ұсыныстардың негізделген қарау және шешім қабылдау.
- 10) Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.